

Тауар таңбаларын тіркеуге өтінімдер құрастыру және беру ережесі

Қазақстан Республикасы Қазпатенттің Төрағасы 1996 жылғы 8 қазандағы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 30 сәуірде N 296 тіркелді

Осы Тауар таңбаларын тіркеуге өтінімдер құрастыру және беру ережесі (бұдан әрі 1 Ереже) Қазақстан Республикасының тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы Заңына, сондай-ақ Ұлттық патент ведомствосы қабылдаған нормативтік құжаттарға сәйкес жасалынған. Оларды жасау кезінде тауар таңбалары саласындағы заңдарды үндестірудің қазіргі тенденциялары ескерілді.

Қысқартулар тізімі

Заң Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы заң

ТҚХС Тауарлар мен қызмет көрсетулердің халықаралық саралануы (Ниццалық саралану)

1 Ереже Тауар таңбаларын тіркеуге өтінімдер құрастыру және беру ережесі

Тауар таңбасы Тауар таңбасы және/немесе қызмет көрсету таңбасы

Тауарлар Тауарлар және/немесе қызмет көрсетулер.

1. Өтінімдер беру

1.1. Тауар таңбасын тіркеуге өтінімдер беру құқығы Заңның 5 бабының 1 тармағына сәйкес заңда белгіленген тәртіппен кәсіпкерлік қызметтерді жүзеге асыратын кез-келген заңды тұлғаға, сондай-ақ жеке адамға берілген.

1.2. Өтінім Қазпатентке тікелей немесе почта арқылы жолданады. Өтінімдер факс арқылы да берілуі мүмкін. Ол Қазпатент факсті алған күннен бастап бір айдан кешіктірмей түпнұсқасын тапсыруға міндеттенген жағдайда қабылданады.

1.3. Заңның 5 бабының 2.3. тармақтарына сәйкес өтінімді арыз берушінің өзі немесе патенттік сенімді өкілі арқылы береді. Шетелдік заңды тұлғалар немесе елден тыс жерлерде тұрақты тұратын жеке адамдар немесе олардың патенттік сенімді өкілдері тауар таңбаларын тіркеуге байланысты істерді Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық келісімдерде басқадай ережелер белгіленбесе, Қазпатентте тіркелген патенттік сенімді өкілдері арқылы жүргізеді. Патенттік сенімді өкілдің өкілеттігі сенімхатпен куәландырылуы тиіс.

1.4. Өтінім қазақ немесе орыс тілдерінде беріледі. Шет тілдерінде берілген құжаттардың қазақ немесе орыс тілдеріне аудармасы болуға тиісті. Аударма өтінім берілген күннен бастап екі айдан кешіктірілмей тапсырылуы керек.

1.5. Өтінім екі дана етіп беріледі.

2. Өтінімнің мазмұны

2.1. Өтінім тауар таңбаларының біріне қатысты болуға тиіс. Заңның 4 бабына сәйкес тауар таңбалары ретінде сөздік, бейнелеу, көлемдік немесе басқа да белгілер тіркелінуі мүмкін.

2.1.1. Сөздік белгіге сөздер, сөздік сипатты әріптер тіркесі, сөз тіркесі, сөйлемдер, тілдің басқа да бірліктері, сондай-ақ олардың тіркестері жатады.

2.1.2. Бейнелеу белгілеріне жазықтықтағы кез-келген графикалық бейнелеулер жатады (әртүрлі объектілер, фигуралар, сызықтардың нақты немесе абстракты бейнелері, көркем орындалған қарыптық элементтер, сондай-ақ жоғарыда аталған элементтердің әртүрлі композициялары).

2.1.3. Көлемдік белгілерге нысаны бөлекше және тауар

функциясына төтенше қатысты емес үш өлшемді объектілер жатады (тауар бумасы, бөтелкелер, шишалар және т.б.)

2.1.4. Құрама белгілерге - сөздік, графикалық, көлемдік әртүрлі элементтердің құрамалары кіреді.

2.1.5. Басқадай белгілерге, мысалы үшін, сигнал түріндегі дыбыстық белгілер жатады.

2.1.6. Тауар белгісі кез-келген түсте немесе түрлі түсті үйлесімде тіркелуі мүмкін.

2.2. Өтінім типтік бланкіде (ТЗ-1 нысанды) берілуі мүмкін және оған:

- Қазпатентке тіркеу туралы сұраған ресми өтініші (1.т.)*

- арыз берушінің толық ресми атаулық көрсеткіші (2.1.т.)*
егер арыз берушілер бірнешеу болса, онда тиісті белгі қойылады (8.10.т.) және тиісті реквизиттерімен барлық арыз берушілердің тізімі жеке қосымшамен тапсырылады.*
- арыз берушінің толық мекен-жайы (2.5.т.)*
- заңды тұлғаның ұйымдық-құқылық сипаттағы көрсеткіші (2.2.т.)
- заңды тұлға немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәлімет (2.3.т.)*
- өтінім берілген белгі (6.т.)*
- көлемдік белгіні қорғаудың сұралуына көрсеткіш (6.1.т.)
- түрлі түсті орындалуды қорғаудың сұралуына көрсеткіш (6.2.т.)
- ұжымдық белгіні қорғаудың сұралуына көрсеткіш (2.4.т.)
- стандартты қарыптың орындалуын қорғаудың сұралуына көрсеткіш (6.5.т.)
- егер белгі қазақ немесе орыс тілінен басқа тілде берілсе, сөздік белгінің транслитерациясы (6.3.т.), аудармасы (6.4.т.);
- таңбаның тіркелуі сұралатын тауарлар және/немесе қызметтер тізімі (7.т.)*;
- егер арыз беруші патенттік сенімді өкілдің қызметін пайдаланса, патенттік сенімді өкіл туралы мәліметтер (аты-жөні және мекен-жайы) (3.т.)*
- конвенциялық басымдық сұрауға көрсеткіш және негізінде басымдық сұралатын өтінім туралы (елі, күні, өтінім нөмірі) мәліметтер (5.1., 5.2., 5.3. тт.);
- көпшілік басымдық сұрауға көрсеткіш (5.4.);
- көрмелік басымдық сұрауға көрсеткіш (5.5.т.);
- арыз берушінің іскерлік хат-хабарларға арналған мекен-жайы (4.т.);
- арыз берушінің немесе оның сенімді өкілінің қолы*;
- баж төлеміне және оның мөлшеріне көрсеткіш (8.4.т.);
- бұдан бұрынғы тіркеулерге көрсеткіш (9.,10.тт.).

Таңбамен белгіленген мәліметтер (*) тиісті нөмірі мен берілген күні белгіленген тауар таңбасын тіркеуге өтінімді тануға қажетті де жеткілікті.

2.2.1. Өтінімге қоса тіркелетіндер:

- өтінім берілген белгінің қосымша 5 кара ала репродукциясы
- егер арыз беруші сараптамаға оның мазмұндық мәнін түсіндіруді; қажет деп тапса, өтінім берілген белгінің сипаттамасы

- өтінім бергені үшін баж төленгенін куәландыратын құжат;
- егер ұжымдық таңбаны тіркеуге өтінім берілсе, Заңның 7 бабының 2 тармағына сәйкес ұжымдық таңбаның жарғысы;
- егер өтінім патенттік сенімді өкіл арқылы берілсе, патенттік сенімді өкілдің атына берілген өкілеттік көлемі, берілген уақыты және қызмет мерзімі көрсетілген сенімхат;
- егер конвенциялық басымдығы сұралынса, бұрын берілген өтінімнің расталған көшірмесі, оның қазақ немесе орыс аудармасы;
- егер тауар таңбасы ретіндегі өтінім берілген экспонатталатын объектінің көрмелік басымдығы сұралынса, халықаралық көрме мәртебесі, өткізілетін уақыты мен орны көрсетіле отырып, талап етілетін көрмелік басымдығы заңдылығын дәлелдейтін расталған құжат;
- егер қорғалуы Заң негізінде үшінші біреулердің рұқсатымен берілсе, таңба элементтеріне арыз берушінің құқығын құжатты дәлелдеу (мемлекеттік нышандар элементтері, мысалы үшін, немесе авторлық құқықпен қорғау белгілері).

Қосымша материалдардың берілгені туралы белгілер тиісті тармақтың жолына "X" таңбасын қою арқылы жүргізіледі, ал 8 тармақтың соңғы жолына тіркелген материалдардың бет саны көрсетіледі.

2.2.1. тармағында аталынып өткен барлық құжаттар өтінім берілген күннен бастап екі айдан кешіктірілмей тапсырылуға тиіс.

2.3. Өтінім берілген белгілер 8x8 см пішімді немесе баспаханалық баспа таңба түрінде тапсырылуы тиіс. Этикеткалар мен таңбаның айрықша түрлері егер олардың көлемі 21x29,7 см. артпаса толық көлемінде берілуі мүмкін. Аталған мөлшерден асып кеткен жағдайда бейне кішірейтілген көлемде берілуі мүмкін.

Тіркелуге өтінім берілген бейне белгісі тауар таңбасын тіркеуге сұратылған түсте немесе түрлі түсті үйлесімде тапсырылады. Ол бланкідегі шаршымен белгіленген жерге ж а п с ы р ы л у ы т и і с . (б . т .)

Бейненің сапасы жақсы, яғни нақты да анық болуы керек. Оның барлық элементтері ортақ көркем оймен композициялық бірлестік табуға тиісті.

2.3.1. Егер белгіні қорғау түсті орындауда сұралынса, онда түс немесе түрлі түстер үйлесімі тиісті графада (6.1.т.) мысалы, таңба қызыл, ақ, жасыл түстер үйлесімінде қорғалады. Мұндайда өтінім берілген белгінің түрлі түсті 10 дана және 5 қара ала дана р е п р о д у к ц и я с ы т а п с ы р ы л а д ы .

2.3.2. Егер көлемдік белгі қорғау сұралынса, онда тиісті белгі қойылуы керек (6.1.т.)

. Мұндайда қос өлшемді графикалық немесе фотосурет түріндегі негізгі бейнеден басқа сараптауға қорғау сұралған көлемді толық бағалауға мүмкіндік беретін әртүрлі көлемді таңба бейнелері ракурстарда қоса тапсырылуы мүмкін.

2.3.3. Егер тіркеуге тауар таңбасы ретінде этикетка ұсынылса, онда өтінім берілген белгі репродукциясы есебінде этикетканың өзі тапсырылуы мүмкін.

2.3.4. Егер сөздік таңба немесе сөздік компонент қазақ немесе орыс тілдерінен басқа тілде берілсе, транслитерация жасау қажет, яғни ресми мойындалған тілдердің бірінің әріптерімен фонетикалық дыбысталуы (6.3.т.), сондай-ақ егер сөз (сөз тіркесі) мағыналық мән иеленсе, аудармасы болуы қажет (6.4.т.)

2.3.5. Егер дыбыстық белгі қорғау сұралынса, онда өтінімге оның ноталық жазбасы және үналғы жазбасы түріндегі фонограммалық дыбыстық белгісі қоса тіркеледі. Егер тіркеуге музыкалық шығарманың бір бөлігіне өтінім берілсе, онда музыкалық шығарманың авторы мен атауын көрсету қажет.

2.3.6. Егер ұжымдық таңбаны қорғау сұралынса, онда өтінімге Заңның 7 бабына сәйкес қолданушылардың бәрінің қолдары қойылған ұжымдық таңба Жарғысы қоса тіркеледі.

2.4. Тауарлар және/немесе қызметтер тізімі 7 т. келтіріледі және қорғау сұралған көлемі айқындалады.

Егер тауарлар және/немесе қызмет көрсетулер ТҚХС бірнеше сыныбына жатса, олар сыныптар бойынша топтастырылуға тиіс. Әрбір өтінім берілген сынып нөмірі ұлғаю тәртібімен осы сыныпқа қатысты тауарлар және/немесе қызметтер тізімі - нөмірімен қатар көрсетіледі. Тауарлар тізімін құрастыру үшін ТҚХС сыныбының тиісті айдарындағы нақты терминдер мен түсініктер пайдалану керек. Саралауда олардың болмаған жағдайында жалпыға ортақ қолданыстағы түсініктердің пайдаланылуы мүмкін.

Тізімді бланкіде орналастыру мүмкін болмаған жағдайда олар жеке бетке қосымша ретінде тіркелінеді. Орынсыз жинақтаулардан аулақ болған абзал, себебі мұндайда келтірілген түсініктер сыныптардың өз атауларымен ұқсас боп кетулері мүмкін.

2.5. Өтінімге қол қоятындар:

- егер өтінім заңды тұлғаның атынан берілсе, қол қоюшының

аты-жөні мен лауазымы көрсетіле отырып, өкілетті лауазым иесі;

- егер өтінім патенттік сенімді өкіл арқылы берілсе, патенттік сенімді өкіл.

Өкілетті лауазым иесінің қолы қол қоюшының аты-жөні көрсетіліп және мөрмен расталынуы тиіс.

2.6. Патенттік сенімді өкілдің атына берілген сенімхатта:

- сенім білдірушінің толық атауы (аты);

- арыз берушінің жауапты өкілінің немесе арыз берушінің қолы;

- сенімхатқа қол қойған адамның лауазымы мен атының көрсеткіші;
- өтінімді қайтарып алуға және тіркеуден бас тарту құқығы бөлінген патенттік, сенімді өкілге берілген өкілеттіктерді көрсету;
- сенім білдірген кісінің аты;
- берілген күні;
- қызмет мерзімі;
- жауапты өкілетті адамның қолын куәландыратын мөрі болуға тиісті.

Патенттік сенімді өкілдің оған берілген шектіктегі кез-келген іс-қимылы немесе Қазпатенттің оған қатысты іс-қимылы да арыз берушінің іс-қимылы немесе оған қатысты іс-қимыл сияқты салдарға ие.

2.6.1. Патенттік сенімді өкілдің атына берілген бас сенімхат бірнеше өтінімге (тіркеулерге) қатысты болуы мүмкін және оған берілген барлық өкілеттікті қамтуға т и і с т і .

3. Өтінімге өзгерістер енгізу

3.1. Сұралған қорғау көлеміне қатыссыз өтінімге өзгерістер енгізу арыз берушінің жазбаша өтініші бойынша өтінім берілген күннен бастап екі айдан кешіктірілмей жүргізіледі. Мұндайда баж төленбейді. Көрсетілген мерзімнен кейін өзгерістер енгізілген соң баж салығы алынады.

3.2. Өтінім берілген белгілердің жалпы қабылдауына ықпал жасамайтын өзгерістер енгізу кезінде 2.2.1.т. көрсетілген көлемде өзгертілген бейне белгісі тапсырылады.

3.3. Атауларын (аттарын) немесе арыз берушінің адресін мүліктік құқықты бермей өзгерту оның өтінім нөмірі көрсетілген жазбаша өтініші бойынша жүргізіледі.

3.4. Куәлік алу құқығын басқа адамға берген жағдайда арыз берушінің ресми өтінішінде құқылы мирасқорлығы туралы мәліметтер келтіріледі, сондай-ақ құқылы мирасқорлыққа оның келісімі куәландырылады.

3.5. Арыз берушінің атын немесе мекен-жайын өзгерту туралы өтініш бірнеше өтінімге қатысты болуы мүмкін.

3.6. Арыз берушінің өтініші бойынша өтінімдерді бөлу оны қараудың кез келген сатысында бөлінген өтінімдер арасындағы сыныптарды бөлу жолымен жүргізілуі мүмкін. Мұндайда басымдық алғашқы өтінімді беру күнімен сақталады.

3.7. Өтінімдегі қателіктерді түзету арыз берушінің немесе патенттік сенімді өкілдің жазбаша өтінішімен жүргізіледі. Мұндайда өтінім нөмірі мен қателік сипаты көрсетіледі. Өтініш өтінімдер қатарындағы бір тектес қателіктерді түзетуге қатысты

болуы мүмкін. Мұндайда қателіктер жіберілген барлық өтінімдердің нөмірлері көрсетілді.

4. Өтінімдерді қайтарып алу

Өтінімдерді қайтарып алу Заңның 12 бабына сәйкес тауар таңбасын тіркеу күнінен кешіктірілмей сараптаудың кез келген сатысында жүзеге асырылуы мүмкін. Қайтарып алу туралы арыз берушіге хабарлама жіберілген күн қайтарып алу күні болып есептеледі.

Осы Ереже ресми жарияланған күннен бастап күшіне кіреді.